

ӘӨЖ 655(586)

М.Ж. Майлықұтова

Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: mm1210@mail.ru

Баспа өнімдерінің шығарылымдық мәліметтерін рәсімдеу мәселелері

Мақалада баспа өнімдерінің шығарылымдық мәліметтерін мемлекеттік стандарттарға сәйкес безендіру және халықаралық номерлеу, әмбебап ондық жүйесіне енгізу, титулды беттердегі ресми мәліметтерде кететін олқылықтар мәселелері қарастырылған. Автор қазақ баспаларынан шыққан басылымдардан нақты мысалдар келтіре отырып, ғылыми тұжырымдар жасайды.

Түйін сөздер: стандарттар, халықаралық номер, мұқаба, титулды бет

M.D. Maylikutova

Registration of weekend taking of publishing products

In the article examined problems registration of weekend taking of publishing products. Author conducting examples from home edition, сандартизации and weekend analyses taking of publishing продукция.

Keywords: standards, international number, binding, title page.

М.Д. Майлықұтова

Проблемы оформления выходных сведений издательской продукции

В статье рассматриваются проблемы оформления выходных сведений издательской продукции. Автор приводит примеры из отечественного книгоиздания, анализирует стандартизацию и выходные сведения издательской продукции.

Ключевые слова: стандарты, международный номер, переплет, титульный лист.

Кітап өнер туындысы, көркем дүние болғандықтан, оған шығармашылық ыңғаймен келу керек. Егер басылым алғашқы мұқаба беттен бастап, соңғы титулдық бетке дейінгі ақпараттың өз тәртібі бойынша орналасып, көркем безендірілсе, оқырманның көңілін аударып, өзіне тартатыны белгілі. Әрбір басылым баспа ісінде қойылатын негізгі төрт талапқа сай безендірілуі тиіс. Бірінші, көркем және полиграфиялық құралдар арқылы кітаптың мазмұнын, табиғатын жан-жақты ашып, оқырманға оны барынша түсінуге жол ашу, үйлестіру; екінші, кітапты оқып-пайдалануда өте тартымды ету, оқуға жағдай туғызу; үшінші, қалыпты түрде жоғары сапалы ету; төртінші, көркемдік-әдемілігін арттыруға сай болуы керек. Сонда ғана кітапты толыққанды, нақты дүние деп есептеуге болады. Кітаптың шығарылымдық деректерін рәсімдеп,

безендіргенде осы талаптарға жүгінеміз. Өйткені кітаптың айнасы – мұқаба мен титулдық бет. Бұл беттерде орналасқан мәліметтер мен ақпараттар дұрыс рәсімделіп, сапалы безендірілгенде ғана басылым сауатты болып шығады. Сапалы және сауатты жазылған кітаптың атауы мен авторлардың аты-жөні, баспаның аты, тағы басқа да мәліметтер кітап туралы ақпараттың алғашқылары болып табылады. Француз жазушысы Мелларме «әлем кітап бетіне жазылып қалу үшін жаралған» деп тегін айтпаған болар.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, дербес мемлекетке айналу кезеңінде жарық көрген кітаптардың шығарылымдық деректері мемлекеттік стандарттарға сай ма, титулдық бетте қандай мәліметтерді орналастыру керек, басқа титулдық беттердегі ақпаратты қандай тәртіп бойынша жазу керек, шығарылымдық

деректерді рәсімдеуде кездесетін негізгі проблемалар мемлекеттік стандарттар мен баспа ісінің мамандары жазған теориясына сүйене отырып жан-жақты талдауды қажет етіп отыр. Осы күнге дейін қазақ тілінде зерттелмеген сала болғандықтан, кітаптың шығарылымдық деректерін рәсімдеу талаптары мен ретін жан-жақты зерттеп, баспа ісі ғылымы енгізу бүгінгі заманның басты талабы. Шығарылымдық деректер – кітаптың бар болмыс-бітімін анықтайтын құралдар. Өтпелі кезеңде кітап мазмұны да, оның көркем безендірілу сапасы да төмендеп кеткені бәрімізге белгілі. Бұл олқылық осы салада сауатты жазылған кітаптардың жоқтығы мен стандарттарды жетік білмеудің кесірінен туындағаны анық.

Негізгі титулдық бет пен оның артында орналасатын мәліметтер кітап ісінде де, библиография ісінде де маңызды болғандықтан, ол сауатты және сапалы рәсімделуі керек. Бұл жерде тарихы тереңде жатқан халықаралық номерлер ерекше орын алады.

Қазақ тіліндегі баспа ісі саласы бойынша кітаптар аз. Бұл жөнінен Ресей бізден оқ бойы озық тұр. Кітап шығару өнері бойынша олар сериялы кітаптарды да шығарып қойған. Бүгінде біздің студенттер солардың жазған кітаптарын оқып, ресейлік стандарттарды меңгеруде. Кез-келген саланы алып қарасақ та, оның жекелеген тармақтарына негізделген әдебиеттер бар. Бүгінде біздер кітаптың рухани құнды қазына болуымен қатар, оның «тауар» екендігін түсіне бастадық. Кез-келген тауарды өткізу үшін оның ең алдымен, орамасы әдемі және сапалы болуы керек. Ал кітаптың орамасы оның мұқабасы мен титулдық беттері болғандықтан, олар кітапты өткізуде ең негізгі орынды алады. Осы тұрғыдан келгенде бізде кітапты — тауар, баспаны — бизнес ошағы деп қарастырып, зерттеген әдебиеттер өте аз.

Кітап басу ісі үлкен жауапкершілік пен осы салаға беріле қызмет етуді талап етеді. Кітаптың оқырман қолына тез және арзан жетуі тек қана баспаға байланысты емес. Дегенмен, кітап өз оқырманының қолына тиюі үшін ең бірінші қызмет қылатын баспа. Қазақстан баспаларындағы шығарылымдық деректерді рәсімдеу тұрғысынан осы уақытқа дейін жүйеленген ақпарат болмағандықтан, ғылыми тұрғыда зерттелмегендіктен мұндай еңбектерге қоғамның зәрулігі анықталып отыр. Еліміздің баспаларынан жарық көрген кітаптардың

титулдық беттерін мысалдарға келтіре отырып, кітаптардың өзара өтімділік бәсекесіне бейімделуін анықтап, саралап, тұщымды зерттеу өзекті мәселелердің бірі.

Баспа ісі теориясында кітапты немесе баспа өнімін безендіру дегеніміз – кітапқа қасиетті түр берумен тең делінеді. «Безендіру» сөзінің аясына шығарылымдық деректер де кіреді. Кітап суретші, әдеби және техникалық редактордың, енді бір жағынан полиграфия қызметкерлерінің біріккен еңбегінің жемісі болып табылады. Кітаптың көркемделуіне қойылатын негізгі талаптар мемлекетаралық МЕМСТ 7.4-95 «Басылымдар. Шығарылымдық деректерге қойылатын талаптар»[1] атты стандарт бойынша жүзеге асады. Қазақстанда бұл стандарт 1996 жылы енгізілген. Осы стандартта шығарылымдық деректерге басылымды сипаттайтын және оны безендіруге арналған элементтердің жиынтығы деп анықтама берген. Олар – кітаптың жеке паспорттық мәліметтері, оны шығарушының кәсіби біліктілігінің және жауапкершілігінің объективті көрсеткіші. Кітап шығарылымдық деректерінің қаншалықты дұрыс және толық берілгендігінен ол туралы түрлі ақпараттық базалардағы мәліметтердің дәлдігі, библиографиялық мәліметтерді жасауда кететін шығын, кітап сату, кітапханалар мен ақпараттық мекемелердегі ақпараттық жұмыс байланысты болады. МЕМСТ 7.4-95 «Басылымдар. Шығарылымдық деректерге қойылатын талаптар» атты негізгі стандарт он жылдан аса уақыт жұмыс істеуде. Шығарылымдық деректердің құрамы, құрылымы, орналасуы осы стандартта жан-жақты жазылған. Ғылыми әдебиеттерді, анықтамалықтарды, оқулықтарды шағаратын баспалар аталған стандарттағы нормалар бойынша кітап шығаруға тырысады. Мәселен, «Білім», «Жазушы», «Санат», «Мектеп», «Жалын», «Балауса» және т.б. баспаларды атауға болады. Дегенмен, кейбір баспагерлер, негізінен ғылыми-көпшілік және көркем әдебиетті шығаратын баспалар кітаптың шығарылымдық деректеріндегі нормаларды ұстанбайды. Мысалға:

1. Титулдық бетте автордық аты-жөні жазылғанмен, мұқабда көрсетілмеуі – бұл оқырманның бір көргенде кітап туралы толық мәліметті алуына кедергі жасайды, сөреде тұрған кітапты дүкеннің мәліметтер жүйесінен автордың фамилиясы бойынша жазылғандықтан, іздеп табуы қиындатады.

2. Санаулы ғана баспалар кітап жиегіндегі мәліметтерді MEMCT 7.84-2001 стандартындағыдай «[2] астынан үстінен қарай жазып жүр.

3. Кейбір баспаханаларда басылған, баспалық-редакциялық өңдеуден өтпеген кітаптарда авторлық құқықты қорғау белгісі де, ешқандай номерлерде кездеспейді.

Басылымды басуға дайындаудағы ең маңызды кезеңдердің бірі—оның шығарылымдық деректерін көркем безендіру мен рәсімдеу. Қолжазбамен, авторлық түпнұсқамен жұмыс істеу барысында баспагер мемлекеттік және салалық нормативтік актілердің шеңберінен шықпауы керек. Кітапты безендіру бірнеше маманның – редактордың, суретшінің, техникалық редактордың еңбегімен және полиграфиялық өндіріс технологиясымен анықталатын шығармашылық процесс.

Кітаптың шығарылымдық деректерінің құрамына:

- тақырып үстілік мәліметтер;
- автор мен кітапты шығаруға атсалысқан басқа да адамдардың аты-жөні;
- басылымның атауы;
- тақырып астылық мәліметтер;
- шығарылымдық (выходные) деректер;
- шығару мәліметтері (выпускные данные) мен оларға қосымшалар;
- қайта басылым туралы мәлімет;
- ЭОЖ, ББК классификациялық индекстері мен авторлық белгі;
- кітаптың халықаралық стандартты номері (ISBN);
- сериялық басылымдардың халықаралық стандартты номері (ISSN);
- авторлық құқықты қорғау белгісі;
- кітап аннотациясы кіреді.

Кез-келген жарық көретін кітап қазақтың мемлекеттік Кітап палатасына тіркелуі қажеттігін, Кітап палатасы әрбір басылымға өзіне керекті кітапханалық-библиографиялық номері, халықаралық стандарт номерін, әмбебап ондық классификациялық санын беретіндігін айтып өттік. Көп жылдан бері Кітап палатасы — ақпарат әлеміндегі рухани басылымдардың жарыққа шығуына бағыт-бағдар беріп, халықаралық стандарт талабына сай тіркеуге алып, баспа және баспасөз өнімдерін жинап, сақтайтын, статистикасын жүргізетін ғылыми-библиографиялық орталық болып саналады. Сондай-ақ, палатаның баға жетпес алтын қорында ұлы ақын-жыраулар мен жазба әдебиет классиктерінің туындылары,

әлем көркем сөзінің үздік үлгілері, қазіргі заман қаламгерлерінің әйгілі туындылары, журналдар, газеттер мен басқа да баспасөз өнімдері сақталып келуде.

Баспа ісі теориясында кітапты немесе баспа өнімін безендіру дегеніміз – кітапқа қасиетті түр берумен тең делінеді. «Безендіру» сөзінің аясына шығарылымдық деректер де кіреді. Кітап суретші, әдеби және техникалық редактордың, енді бір жағынан полиграфия қызметкерлерінің біріккен еңбегінің жемісі болып табылады. Кітаптың көркемделуіне қойылатын негізгі талаптар мемлекетаралық MEMCT 7.4-95 «Басылымдар. Шығарылымдық деректерге қойылатын талаптар» атты стандарт бойынша жүзеге асады. Қазақстанда бұл стандарт 1996 жылы енгізілген. Осы стандартта шығарылымдық деректерге басылымды сипаттайтын және оны безендіруге арналған элементтердің жиынтығы деп анықтама берген. Олар – кітаптың жеке паспорттық мәліметтері, оны шығарушының кәсіби біліктілігінің және жауапкершілігінің объективті көрсеткіші. Кітап шығарылымдық деректерінің қаншалықты дұрыс және толық берілгендігінен ол туралы түрлі ақпараттық базалардағы мәліметтердің дәлдігі, библиографиялық мәліметтерді жасауда кететін шығын, кітап сату, кітапханалар мен ақпараттық мекемелердегі ақпараттық жұмыс байланысты болады. MEMCT 7.4-95 «Басылымдар. Шығарылымдық деректерге қойылатын талаптар» атты негізгі стандарт он жылдан аса уақыт жұмыс істеуде. Шығарылымдық деректердің құрамы, құрылымы, орналасуы осы стандартта жан-жақты жазылған. Ғылыми әдебиеттерді, анықтамалықтарды, оқулықтарды шағаратын баспалар аталған стандарттағы нормалар бойынша кітап шығаруға тырысады. Мәселен, «Білім», «Жазушы», «Санат», «Мектеп», «Жалын», «Балауса» және т.б. баспаларды атауға болады. Дегенмен, кейбір баспагерлер, негізінен ғылыми-көпшілік және көркем әдебиетті шығаратын баспалар кітаптың шығарылымдық деректеріндегі нормаларды ұстанбайды. Мысалға:

1. Титулдық бетте авторлық аты-жөні жазылғанмен, мұқабада көрсетілмеуі – бұл оқырманның бір көргенде кітап туралы толық мәліметті алуына кедергі жасайды, сөреде тұрған кітапты дүкеннің мәліметтер жүйесінен автордың тегі бойынша жазылғандықтан, іздеп табуы да қиындатады.

2. Санаулы ғана баспалар кітап жиегіндегі мәліметтерді МЕМСТ 7.84-2001 стандартындағыдай астынан үстінен қарай жазып жүр.

3. Кейбір баспаханаларда басылған, баспалық-редакциялық өңдеуден өтпеген кітаптарда авторлық құқықты қорғау белгісі де, ешқандай номерлер де кездеспейді.

Басылымды басуға дайындаудағы ең маңызды кезеңдердің бірі – оның шығарылымдық

деректерін көркем безендіру мен рәсімдеу. Қолжазбамен, авторлық түпнұсқамен жұмыс істеу барысында баспагер мемлекеттік және салалық нормативтік актілердің шеңберінен шықпауы керек. Кітапты безендіру бірнеше маманның – редактордың, суретшінің, техникалық редактордың еңбегімен және полиграфиялық өндіріс технологиясымен анықталатын шығармашылық процесс.

Әдебиеттер

- 1 МЕМСТ 7.4-95 «Басылымдар. Шығарылымдық деректерге қойылатын талаптар».
- 2 МЕМСТ 7.84-2001 «Кітап жиегіндегі мәліметтерді рәсімдеу».

References

- 1 MEMST 7.4-95 1. «Basylymdar. Shygarylymдыk derekterge koyylatyn talaptar»
- 2 MEMST 7.84-2001 «Kitap zhiegindegi məlimetterdi rəsimdeu»